Білім беру ұйымдарының басшылары, білім беру пәндерінің педагогтері, психологтер, тәрбиешілер (мектепке дейінгі ұйымдардан басқа), әлеуметтік педагогтер, жоғары және орта арнайы білім беру ұйымдарының оқытушылары, ата-аналар қауымдастығы.

5.Конференцияның ұйымдастыру комиҒеті:

5.1. Ғылыми-практикалық конференцияның дайындығына және өткізілуіне Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдістемелік кеңесі жауапты. Ұйымдастыру комитетінің құрамы:

Кожахметова Г.Ш., ОӘО директоры – төраға

Абдикерова Б.Х., ОӘО директордың орынбасары – төрағаның орынбасары.

Ұйымдастыру комитетінің мүшелері:

Асакаева Д.С., ОӘО директордың орынбасары

Контаев С.С., ОӘО ғылыми кеңесші

Котвицкая Е.И., жалпы орта білім беру бөлімінің меңгерушісі

Баграмова А.Ж., қосымша білім беру және тәрбие беру бөлімінің меңгерушісі

Мукашева Г.Г., эксперттік кеңестің хатшысы

Сатжанова Г.Б., әдіскер

Калинина О.Б., әдіскер

Елешева С.М.,әдіскер.

5.2. Ұйымдастыру комитеті ғылыми-практикалық конференцияның дайындығына және өтуіне байланысты іс-шараның дұрыс орындалуын анықтайды, бақылайды, конференция нәтижесін талдайды, конференция қорытындысын насихаттауды жүзеге асырады, БАҚ-қа, ОӘО сайтына жариялайды.

5.3.Ұйымдастыру комитеті ұсынылған материалдардың ғылымилығын, логикалық бірізділігін және практикалық маңыздылығын бағалау үшін сарапшылар тобын құрады, оның қызметінің тәртібін анықтайды, коференцияға қатысушылардың жұмыстарын бағалау технологиясын бекітеді.

5.4.Сарапшылар тобы конференцияға ұсынылған жұмыстарға сараптама және талдау жүргізіп, материалдарды жазу мен безендіруге байланысты сұрақтарға кеңес береді, ҒПК жинағына жариялау үшін мақалаларды іріктейді, конференцияға қатысушыларды анықтайды.

6. Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар

1.Материалдар қағазға басылған және электрондық нұсқада (дискіде) файлмен қабылданады. Дискіде телефон нөмірі және автор туралы толық ақпарат болу керек.

2.Мәтіннің көлемі 3 бетке дейін, А-4 форматты, қазақ немесе орыс тілінде болуы керек, «Times New Roman», «Kz Times New Roman» редакторларында 14 шрифтімен теріліп, 1(бір) жоларалық интервалымен болуы қажет. Екі жақ жиегі 2 см.

3.Автордың аты-жөні, жұмыс орны, қала/аудан атауы (Times New Roman, KZ Times New Roman шрифтісімен, курсив, 14 кегль), қағаз бетінің жоғарғы оң жақ бұрышына орналастыру қажет (үлгіге қараңыз).

4.Мақала атауы (Times New Roman, KZ Times New Roman шрифтісімен, қою қара әріптермен, 14 кегль, жазу әріптерімен) – қағаз бетінің ортасында (үлгіге қараңыз) болу керек.